

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. – Б.35-38

ТЕКТИНІҢ ТҮЯҒЫ – ХАЛИДА МАМАНОВА

Сұлтанова А., I курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Ұлы Отан соғысы жылдарында штрафбат құрамында Берлинге дейін жеткен қазақ қызы – Халида Есенқұлқызы Маманова. Халида Маманованың өмір жолы әкелері не ба-уырлары «халық жауы» деген айыппен ұсталып кеткен жастардың тағдырымен үндесіп жатыр. Халиданың шыққан тегі бүкіл Жетісуға өзінің меценаттығымен аты шыққан Ма-ман әулеті еді.

Көз көргендердің айту бойынша Халида Маманова – орта бойлы, салмақты, әдемі әйел болыпты. Тағдырдың тепкісі мен қиындығына мойымай оқуға, білімге талпынды.

Халида Маманова өмірбаянында «Талдықорған облысы Ақсу ауданы Қара ағаш дегенжерде ірі малшы Есенқұл Мамановтың отбасында дүниеге келдім» деп өз қолымен жазыпты. Жалпы алғанда, Халида Маманованың болмысын ашу үшін оның шыққан тегіне тоқталып кету керек. Себебі тұлғаның кісілік келбетінің қалыптасуында шыққан тегі менөскен ортасы елеулі рөл атқарады. Халиданың әкесінің ағасы Тұрысбек Маманов 1872 жылы 18 жасында болыс болған.

Білімсіз өскелең ұрпақтың болашағы бұлыңғыр екенін ескерген Мамановтар әулеті өздерінің жеке қаражатына Жетісуда зиялы мектеп ашты. Алғашқы кезде мектеп екіжылдық, кейіннен төрт, сегіз жылдық болып кеңейтілді. Ашылған мектепке мұғалімдерді байқаудан өткізу арқылы іріктеді және де Қазан, Уфа, Орынбор, Санкт- Петербург, Стамбулда білім алған ұстаздар сабақ берді. Маман әулеті ел ішінен балаларды жинап, оларды өздері ашқан мектептерде тегін оқытты. Мектеп оқушылары жа- татын орын, тамақ, оқулықтар және киімдермен қамтамасыз етілді. «Мамания» мектебі Уфадағы «Ғалия» медресесі үлгісінде болды. Ұстаздар үшін арнайы пансион салынып, оларға бүкіл жағдай жасалды. Мектепті үздік бітіргендерді Ресейдің жоғары оқу орында-рына жіберген. Шетке оқуға кеткен балаларға жылына 300 сом орыс ақшасымен стипен- дия төлеп отырған. «Мамания» мектебінде Мұхамеджан Тынышбаев, Ілияс Жансүгіров, Біләл Сүлеев, Жәкен Қалиұлы, Оңалсын Жұмабеков, Мұхтар Арын және т.б. оқыған.

Мамановтардың мектебі – тұтастай қазақ интеллигенциясының үлкен

шоғырын қалыптастырды. Қазіргі тілмен айтқанда, Тұрысбек Маманов – ірі кәсіпкер және ме-ценант болған. Екі рет қажылыққа брып келген. Жолаушылап жүріп, әрбір елге келгенде сол елдің тарихын, өнері мен мәдениетін ерекше көңіл бөлген. Кәсіпкерлік, іскерлік байланыстарының арқасында Ташкент, Бұхара, Наманган, Жаркент, Қызылжарқалаларында сауда үйлерін ашты. 1881 жылы Мамановтардың қаржысымен Қапал қаласының құрылысы басталды. Тұрысбек Маманов II Николайдың қолынан үшінші дәрежелі қасиетті Георгий орденін және граф титулын алды. Графтық титул ұрпақтан ұрпаққа берілетін. Мамановтар әулеті сондай-ақ шығармашылық жұмыстарға демеушілік көрсетіп отырды. Алғашқы қазақ романына бәйге жариялап, қазақ тілінде шығып тұратын мерзімді басылымдарға қаржылай көмек көрсетті. Дарынды түлектердің оқуын одан әрі шетелдерде жалғастыруға мүмкіндік берді.

Қазан төңкерісінен кейін Маман әулетінен 15 адам атылып, 36 отбасы жер аударылды. Халиданың әкесі Есенқұлды әйгілі 58-баппен айыптап, үш жылға Қазақстаннан тыс жерге жер аударды. 1928 жылы дүние-мүлкін тәркілегеннен кейін бүкіл отбасы Чкалов қаласына қоныс аударды. Әкесі қара жұмысшы болып жұмысқа тұрса, шешесі тігін фабрикасында тігінші болып жұмысқа орналасты. Алты баланың ішіндегі ең үлкені он жасар Халида еді. Айдауда жүргенде әкесі мен екі кішкене інісі ауырып, қайтыс болды [1]. Үш жыл жер аудару мерзімі аяқталып, отбасы елге қайтып келе жатқанда, ауыр жұмыстан әбден титықтап, туберкулез жұқтырған Есенғұл Орынборда қайтыс болып, қаланың шетіндегі мұсылмандар қорымына жерленді. Ал қалған отбасы 1932 жылы Алматыға оралды. Бірақта Маман әулетінің балаларына Алматыда қалуға рұқсат берілмеді. Сол себепті Халида 1934 жылы Семей қаласының педучилищесінде ашылған фармацевтика бөліміне оқуға түсті. Өзінің шыққан ортасын жасырып, комсомолға өтеді. Дегенменен де 1935 жылы Маман отбасының мүшесі екендігін біліп қойған оқу орнының басшылығы Халиданы оқудан шығарып жіберді. Тек Маман әулеті ғана емес сталиндік зұлмат жылдары «халық жауы» деген айыппен ұсталғандардың балалары жүйе тарапынан қысымшылыққа ұшырап, оқу орындарында білім алуға рұқсат берілмеді. Қазақ КСР

Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Маман әулетін 53 жыл бойы бақылауда ұстады [2].

Алматыға қайта келіп, рабфакқа қабылданды. Кейіннен медициналық институттың дайындық бөліміне, ал 1937 жылы I курсқа оқуға түсті. Алайда оның өткен өмірі қайтадан алдынан шығып, «феодалдың қызын» комсомолдан, сосын оқудан шығарды. Кейіннен үлкен қиыншылықтармен оқуын қалпына келтірді.

Халида Мамановаға 1941 жылдың 31 желтоқсанында Қазақ медицина институтының Мемлекеттік емтихан комиссиясының шешімімен емдеуші

дәрігер біліктілігі берілді. Халида Ғылым Академиясының физиология институтына аспирант болып қалады. Бірақта оқуды әрі қарай жалғастыра алмады. 1942 жылдың ақпанында Қызыл әскер қатарына шақырылды. Медицина институтының түлегіне лейтенант шені берілуі керектігіне қарамастан, Халидаға медбике болуға да рұқсат берілмеді. Медициналық дорбаның орнына окоп пен бейіт қазу үшін қолына күрек ұстатты. Әскери дәрігер қызметі мен шенін ала алмаған Халида Сталинге хат жазады. Хатта «егер де мен халық жауы болсам штрафротаға жіберіңіз. Егер де тірі қалсам, менен және менің туыстарымнан бүкіл айып-ты алып тастаңыз», - деп атап өтеді. Көп ұзамай Халида зектер және саяси тұтқындардың арасына, яғни штрафротаға түседі. Штрафротадағы жалғыз әйел болғандықтан шабуыл барысында ер кісілер Халиданы қорғаштап жүргендіктен, тірі қалады. Кейіннен авиабатальонға ауыстырылды. Әскери қызметі 821 батальонда жалғасып, Халида амбулаторияның бастығы болып тағайындалды. Батальон Сталинградтың түбіндегі кескілескен аяқасқа басынан аяғына дейін қатысты. Батальон әр түрлі майдандардың құрамында Прибалтика, Польша, Чехословакия, Германия, Австрияны азат етті. Осылай-ша Халида Есенқұлқызы Берлинге дейін жетті [3].

Тек 1943 жылы ғана оған медициналық қызметтің аға лейтенанты шені беріліп, 1945 жылы капитан шенінде елге оралды. «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдар және «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

1945 жылы 26 желтоқсанда майдан даласында алған жарақатына байланысты әскерден босатылды. Бейбіт өмірде де Халида Есенқұлқызы қызмет барысында біраз кедергілер мен қыспаққа тап болды.

1946 жылдың ақпанынан бастап, Қазақ медициналық академиясында патологиялық физиология кафедрасына ассистент қызметімен жұмысқа тұрып, 1950 жылдың қыркүйегінде кандидаттық диссертациясының тәжірибелік кезеңін аяқтады. Бірақ тағы да ата-бабасының бай болғандығы Халиданың жолын кесті. Ғылыми жұмысын қорғауға мұрша бермеді. Халиданың жетекшісі Глозман болса, ғылыми еңбегін қорғау үшін, Қырғызстанға кетуге кеңес берді. Соның арқасында Халида еңбегін Мәскеуде қорғап, медицина ғылымдарының кандидаты деген атақ алды. Кейіннен, бүкіл Кеңестер елінде

«дәрігерлер ісі» басталғанда, Халида Есенқұлқызы да осы алақұйынның назарына ілікті. Себебі ол «халық жауының» қызы еді. Жетекшілері Халидаға тауға кете тұруды, кейін бәрі орныққасын, сақтандыру дәрігері болып оралуға кеңес берді. Сосын, Халиданы Қарағанды қаласындағы медицина институтына жіберді. Ал 1959 жылы Ақтөбе қаласында жанадан медицина институты ашылып, ректоры болып тағайындалған курстасы кафедра меңгерушісі ретінде шақырды. Халида сол қызметте жиырма жыл тапжылмай жұмыс істеді. Дәл сонда отырып, докторлық диссертациясын

қорғады. 1969 жылы жоғарғы аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша, медицина ғылымдарының докторы деген лауазым алды. Қатерлі ісік туралы ғылыми еңбектері Парижде өткен халықаралық конгресте оқылды. Халиданың көптеген шәкірті осы күні танымал маман, ғалым атанған. Студенттері әлі күнге дейін ұстазын сағынышпен еске алады. Докторлық диссертациясын Мәскеуде қорғап, елге оралғасын, Халида Есенқұлқызы студенттер ара-сында халық аспаптары ансамблінің құру туралы бастама көтерді. Сол-сол-ақ екен, обком-нан шақыртып, дереу дәрігерді «ұлтшыл» деп айыптап, «социалистік ағарту және білім беруге қауіп туғызушы» ретінде бағалады [4]. Әсіре сақ коммунистер Халиданың Мексика мен Орталық Америкаға жасамақ болған сапарының жолын кесті. Тек, социалистік Болгарияға баруға ғана рұқсат етті. 1977 жылы Болгарияға сапары барысында белгісіз жағдайда қайтыс болды.

Болгариядағы «Алтын құм» жағалауына ақтөбелік дәрігерлердің үлкен тобы аттанды. Бірнеше күннен кейін, Халиданың өлі денесін демалыс орнынан әлдеқайда алыс жерден тауып алады. Сот-медициналық сарапшылар «марқұм қараңғыда суға батып өлді» деген қорытынды жасайды. Ал, шын мәнінде, Халида кешкілік суға түспеуші еді... Денесінде үлкен көгерген дақ көзге түсті. Бірақ сарапшылар «теңізде шомылып жүріп, бетонға соғып алған болар» деп топшылады. Ал әлдебіреудің соққыға жығуы туралы болжам мүлдем жасалмады. Туысқандарының айтуынша, бұл іспен Қазақстан мен Болгарияның ұлттық қауіпсіздік комитеті айналысқан. Марқұмның денесін жерлеу үшін, туыстары-на екі апта бойы бермеді... Қазақстан Республикасының 1993 жылы 14 сәуірде шыққан

«Жаппай репрессия құрбандарын ақтау туралы» заңына сәйкес Халида Есенқұлқызы Маманова репрессиядан зардап шегуші деп танылып, ақталды. Бір өкініштісі, Халида Маманова бұл күнді көзімен көре алмай кетті.

Халида тағылымы сабырлық пен төзімділікті, қайсарлық пен білімге құштарлықтың жарқын үлгісі болып табылады. Заты әйел болса да ешбір қиыншылыққа мойымай, тағдырдың талай соққыларына төтеп беріп, өмірден ойып тұрып өз орнын алу тек қана діңгегі мықты тұлғаға ғана тән қасиет. Ол қасиет ананың сүтімен, әкенің тегімен, дәстүрдің сабақтастығымен қалыптасады. Демек ұлттың діңгегі болып табылатын қазақ қыздарының ерліктерін насихаттау өскелең ұрпақтың бойында қайсарлық пен парасаттылық секілді қасиеттерді дарытып, ұлттық рухты көтереді деген сенімдеміз.

Қазіргі таңда Ақтөбе қаласындағы бір көше қазақтың қайсар қызы Халида Есенқұлқызы Маманованың атына берілген. Бұл көшеде № 10 жалпы білім беретін, жаңа заманға сай, әдемі, зәулім білім ордасы орналасқан. Мектепте Халида Маманованың ерлік істеріне, халқына

жасаған адал қызметтеріне арналған арнайы бұрыш бар. Хали- да Маманова секілді кісілік келбеті айқындалған тұлғаның игі істері мен ерлікке толы ғұмырын ұрпақ есінде мәңгілік сақтау мақсатында тағылымды еске алу кештері мен ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, тұрған үйіне арнайы тақта орнатылса деген ұсынысымыз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 <http://ult.kz/post/maman-baydyn-kyzy-khalida>
- 2 Егемен Қазақстан, 1998, 22 желтоқсан.3 Ақиқат, 2001 ж. № 4. Б 28.
- 4 Sergienko E. A. (2013). The problem of relationship between subject and personality. Psychological Journal, Volume 34, No.2, 5-16

*Ғылыми жекткішісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.,
Абишева Ж. Р.*